



ХҒТАР 14.07.07

<https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-149-4-142-159>

Ғылыми мақала

Қазақстандық студенттердің дәстүрлі және инновациялық құндылықтар трансформациясы: этнопедагогикалық талдау

С.Ә.Жүзеев¹, А.Қ. Мошқалов², М.К.Жайлауова¹

¹Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: ¹serik_juzeev@mail.ru, ²a_moshkalov@mail.ru, ¹mzhailauova@mail.ru)

Аңдатпа. Қазіргі уақытта қоғамымызда рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеруі нәтижесінде, алдыңғы ұрпаққа жат жаңа «құндылықтар» қалыптасып отыр. Бұл жағдай жастар мен жоғары оқу орындарының студенттеріне этнопедагогикалық білім беруді жаңа қырынан қарастыруды талап етеді. Дегенмен, соның нәтижесінде отансүйгіштік, ана тілі мен ұлттық мәдениетті, тарих пен дәстүрлерді құрметтеу, үлкендерге ізет көрсету сияқты рухани және дәстүрлі адамгершілік құндылықтар назардан тыс қалып жатыр. Зерттеу тақырыбының өзектілігі – еліміздің жоғары оқу орындарында білім алушыларға оқу барысында этнопедагогикалық тәрбие мен идеологиялық жұмыстарды жүргізудің теориялық және практикалық мәселелерін жүйелі түрде қарастырумен айқындалады.

Осы бағытта, зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы этнопедагогика ғылымының даму тенденцияларына талдау жасау негізінде ұлттық тәлім-тәрбиені дамытудың негізгі функциялары мен бағыттарын анықтау. Зерттеуде ХХІ ғасырдың басындағы ұлт зиялыларының этнопедагогикалық көзқарастарына ерекше көңіл бөлінді. Қазақ халқының ұлы тұлғаларының өмірі, шығармашылығы және ағартушылық қызметі арқылы дәстүрлі құндылықтар қарастырылды. Зерттеудің практикалық маңызы зор. Білім алушылардың дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың трансформациясына жасалған талдау нәтижелері ұлттық этнопедагогика пәнінің оқу бағдарламаларын жаңаша бағытта дамытуға ықпал етеді.

Түйін сөздер : оқу, тәрбиелеу, халықтық дүниетаным, қазақ тұлғалары, этнопедагогика, ұлттық мұра, дәстүрлі құндылықтар.

Кіріспе

Кез келген ұлттық құндылықтар ғаламдық нормалар шеңберінде дамыса да, өзіне тән ерекшеліктеріне сүйеніп қалыптасады. Этнопедагогиканың тарихы алуан түрлі, әр халықтың өзіндік тәжірибелеріне негізделіп, ерекше қағидаларымен айқындалады. Этнопедагогика мемлекеттік міндеттерді орындауда жаһандық өркендеу барысында кроссмәдени қоғамдағы білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу үдерісінде дәстүрлі құндылықтарды дәріптеуге бағдар береді. Әр тұлғаның ұлттық мәдениет негізінде дамуы, рухани байлығының ашылуы әлеуметтік-мәдени өмір сүру деңгейінің жақсаруымен тығыз байланысты. Халықтық мәдени кеңістік – адамның қоғамдық орта заңдылықтарын сақтауына және ұлттық мәдени нормаларға сай болуына бағыттайды. Қазіргі қоғам көпқырлы, динамикалы болғандықтан, білім беру ортасында қарым-қатынас құру түрлері күрделілігімен ерекшеленеді. Этнопедагогиканың негізгі мақсаты – қазіргі жастардың бойында өнерді, этникалық және рухани құндылықтарды дамыту үшін ел тарихындағы маңызды оқиғалар мен символдық мәндерді оқытып, үйрету. Этнопедагогика – рухани мәдениет негізінде ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті, тілді және тұрмыс-салттық тәрбиені құрал ретінде қолданып, белгілі бір этностың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған. Мәдени-білім мен басқа да ұлттық-рухани өлшемдердің мәдени сапа мен мазмұнға ауысуында өзгерістерді әкеледі. Бұл білім берудегі дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың әрекеттесуінен көрінеді.

Елімізде соңғы отыз жыл ішінде білім берудегі тұжырымдамалар арасында ұлттық білім мен тәрбиенің өркендеуінде негізделген көптеген мемлекеттік бағдарламалар енгізілді. Атап айтсақ, мемлекеттік бағдарламалар: «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту», «Ұлы даланың жеті қыры», «Мәдени мұра», «Мәңгілік Ел» ұлттық идеялары, Қазақстанның ұлттық бірліктің доктринасы ретінде әзірленіп, ұсынылды. Қазақстандық білім беруді жаңғырту мақсатында ұсынылған концепциялар этнопедагогикалық көзқарастарға негізделіп, этникалық ерекшеліктер мен халықтың педагогикалық мәдениетіне сәйкес әзірленді. Дегенмен, ұлттық педагогикада шешімін таппаған мәселелер әлі де бар. Атап айтқанда: ұлттық білім беру жүйесінде патриотизм мен адамгершілік қасиеттерді жастарға тұрақты түрде сіңіру, этнопедагогика пәнінің мазмұнын және нәтижелерін үнемі жаңартып отыру, сондай-ақ жастардың көзқарастары мен ұлттық дәстүрлер арасындағы қайшылықтарды анықтау сияқты түйткілдер бар.

Осы бағытта, зерттеуде барысында келесі мәселелер зерттеліп, шешімін табу көзделді:

- Этнопедагогика пәнінің алға қойған негізгі бағыттары қандай?
- Қазақстандық білім беру жүйесінде дәстүрлі және инновациялық құндылықтар трансформациясын бағалау критерийлері қандай?
- Жоғары оқу орны студенттері арасында жүргізіліп жатқан дәстүрлі және инновациялық құндылықтар трансформациясы қандай деңгейде?

Жалпы алғанда этнопедагогика – этномәдени дәстүрлерде, халық поэзиясында және көркем шығармашылықта, жастардың бір-бірімен және үлкендермен қарым-қатынасының тұрақты формаларында сақталған білім мен тәрбие дағдыларының жиынтығы. Ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс-салттық тәрбие мәдениетін бойына

сіңіре отырып, этнопедагогика түрлі халықтардың тәрбиелік дәстүрлерінде кездесетін ортақ ерекшеліктерді сақтап келеді. Этнопедагогика, ең алдымен, педагогикалық білімнің арнайы бір саласы ретінде педагогика ғылымы екенін айта кеткен жөн. Жастар тәрбиесін күшейтуде этнопедагогика маңызды қозғаушы күш болумен қатар, оның құндылықтарын жаңаша бағытта тәрбие нормаларымен үйлестіру әрекеттері ерекше мәнге ие. Осыған байланысты, этнопедагогиканың инновациялық бағыттарын дәстүрлі құндылықтар негізінде білім беру жүйесіне енгізу – шұғыл шешуді қажет ететін маңызды мәселе.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Этнопедагогика ғылымының негізгі қағидалары мен бағыттарын зерттеу барысында көптеген теориялық әдебиеттерге талдау жасалды. Атап айтқанда: М.Жұмабаевтың «Алаш қозғалысы қайраткерлерінің саяси мұралары», А.Байтұрсынов пен Ж.Аймауытовтың педагогикалық көзқарастары [1,4], С.Ш.Қазиевтің «Кеңестік ұлттық саясат және Қазақстандағы ұлтаралық қатынастардағы сенім мәселелері (1917-1991)» тақырыбындағы докторлық диссертациясы [2], С.В.Захаров пен А.С.Мұқанованың «Қазақ интеллигенциясының қалыптасуы» [5], Е.М.Әбен, Г.Қ.Ахметжанова, С.Т.Белгібаевтың «Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстанның қоғамдық-саяси ойының антологиясы» (2 томдық шығармалар жинағы) [3], сондай-ақ О.В.Назарова мен В.В.Литвиненконың «Қазақ халық педагогикасының даму кезеңдері – Этнопедагогика» еңбектері [6].

Әлеуметтік-тарихи зерттеу әдістері қазақ этносының тарихи даму кезеңдеріндегі педагогикалық үдеріс элементтерінің қайталану заңдылықтарын айқындауда және олардың бағытын анықтауда негізді түрде қолданылды.

Сонымен қатар, Қазақстанның жоғары оқу орындары білім алушыларының ұлттық тәлім-тәрбиені меңгеруі мен олардың көзқарастарын анықтау үшін сауалнама әдісі қолданылды. Бұл зерттеуге 200-ден астам қазақстандық жоғары оқу орындарының білім алушылары қатысты.

Генетикалық әдіс халық арасындағы тәрбиенің этнопедагогикалық процесінің себептері мен кезеңдерін анықтауға бағытталды. Қазақ отбасындағы тәрбиенің жеке байланыстары мен элементтерін орнатуға бағытталған құрылымдық әдіс қолданылды.

Әдебиеттерге шолу

Педагогика ғылымы мен практикасы дамуының барлық кезеңдерінде өзекті жетекші мәселелердің бірі халық педагогикасы болды. Халық ағарту тәжірибесі прогрессивті этнопедагогикалық жүйелердің пайда болуының қайнар көзіне айналды. Этнопедагогиканың зерттеу бағыттары көптеген ғалымдардың, атап айтсақ Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, К.Д.Ушинский, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский, Г.С.Виноградов, т.б. педагогикалық қызметінде дамыды. Тәрбиенің халықтық тәжірибесі болашақ ұрпақты этнопедагогикалық даярлау саласындағы барлық ғалымдардың

ғылыми зерттеу нысаны болып табылады. Қазақ ұлттық тәлім-тәрбиенің дамуы мен қалыптасуына көрнекті ғалымдар мен қоғамдық-саяси қайраткерлердің қосқан зор үлесі ерекше. Қазақ ұлттық этнопедагогикасының алғышарттары Ұлы Абай мен Шәкәрімдерден бері қарай ғалым Ә.Бөкейханов, публицист, ақын А.Байтұрсынов, ақын, жазушы М.Дулатов, публицист, педагог М.Жұмабаев, ұстаз және дәрігер Х.Досмұхамедов, қазақ әдебиетінің негізін салушы С.Сейфуллин және тағы басқа көптеген алып тұлғалардың идеяларынан бастау алды. Қазақ халқы зиялыларының өмір жолы мен қызметінің басты құндылықтары – отанға деген шексіз сүйіспеншілік пен адамгершілік, жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтеу, білімге ұмтылу, ұлттық тілді сақтау, отбасы құндылықтарын дәріптеу, тәуелсіздік үшін күрес және жарқын болашаққа деген сеніммен бағытталу.

Орыстың ұлы педагогы К.Д. Ушинский өз зерттеулерінде халық педагогикасының тәрбиелік мүмкіндіктерін жоғары бағалап, былай деп жазды: «Білім беру, мағынасыз болғысы келмесе, халықтық болуы керек... Ұлттық тәлім-тәрбие ғана ұлттық тарихи процесте жанды нысан болып табылады» [7, б.42]. А.С. Макаренко да өзінің педагогикалық еңбектерінде К.Д. Ушинскийдің атап өткен ұлттық тәрбие құралдарын, яғни сюжеттер, диалогтар, ертегілер, эпостар, нақыл сөздер, үндеулер мен ұрандарды белсенді түрде қолданған. Әр халықтың рухани қазынасын толық қамтитын ұлттық тәрбиенің қағидасы В.А. Сухомлинскийдің келесі ұстанымдарынан анық көрінеді: «Халық педагогикасы туралы әлі ешкім шындап ойланбаған және, шамасы, бұл педагогикаға көп қиындық әкелген сияқты. Этнопедагогика – халықтың рухани өмірінің өзегі. Этнопедагогика елдің ұлттық мінез-құлқын, бет-бейнесін айқындайды» [7, б. 57]. Болашақ бастаушы сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінде ұлттық қасиеттерді қолдану балаларға еліміздің ұлттық-мәдени құндылықтарын үйретумен тығыз байланысты. Болашақ бастаушы сынып мұғалімдері – бірінші сынып оқушыларына ұлттық-мәдени білімдерді алғашқылардың бірі болып үйрететін кәсіби мамандар [11].

А.С. Мағауова этнопедагогика мәселелерін зерттей отырып, этнопедагогика мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде «халық педагогикасы» өмір сүруге толық құқылы деп есептеді. Автор өз зерттеулерінде тұлғаны қалыптастыру мақсатында қолданылатын білім мен білік, әдіс-тәсілдердің барлығы халық педагогикасының негізінде жүзеге асатынын дәлелдеген [13]. Бүкіләлемдік мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде халық педагогикасының маңызын арттыруға этнопедагогика айтарлықтай ықпал етеді, ол білім алушылардың психикалық дамуының міндеттерін алға қояды. Осылайша, халықтық тәрбие жүйесі жастардың интеллектуалдық дамуына ерекше үлес қосатыны анық [14]. В.И. Баймурзина мен К.Ж. Қожахметова өз еңбектерінде этнопедагогиканы тұлғаны қалыптастыру және дамыту мақсатында қолданылатын тәрбие мен оқытудың мақсат-міндеттері, құралдары, педагогикалық шеберлік пен әдіс-тәсілдердің жиынтығы және олардың өзара қажеттілігі ретінде тұжырымдайды [9, 10].

Р.К. Төлеубекова, Г.Т. Хаурулин және А.А. Бейсенбаева этнопедагогиканың идеялары мен негізгі принциптерін зерттей келе, халық педагогикасын педагогикалық идеялар мен тәрбие тәжірибесінің жиынтығы ретінде, ал көпшіліктің эмпирикалық педагогикалық білімдері мен тәжірибесінің саласы ретінде қарастыруды ұсынады.

Олардың пайымдауынша, этнопедагогиканың негізгі белгілері халық жасаған ертегі-аңыздарда, дастандарда, нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерде сақталған және әртүрлі халықтардың ұлттық әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері арқылы сынға түсіп, дәстүрлі құндылықтар негізінде жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуды мақсат етеді [12, 78].

Этнопедагогиканың маңызы мен өзектілігі оның негізгі аспектісі ретінде «... гуманитарлық ғылыми білімнің даму тенденцияларының бірі – тұлға туралы жан-жақты жүйелік түсінікті қалыптастыру мақсатында ғылыми салалардың интеграциясын көрсетуімен байланысты» деп атап өтіледі [13, б.38]. Этнопедагогика адам білімінің әртүрлі салаларын: тарих, философия, этнография, мәдениеттану, әлеуметтану және т.б қамтиды. Қазақстанда этнопедагогиканың дамуы, басқа ғылым салалары сияқты, алғашқы этнопедагогикалық ойлардың пайда болуымен басталды.

Халық педагогикасының мәселелерін жан-жақты зерттеу барысында А.Н. Valiahmetova мен I.M. Salpykova «Халық педагогикасы» ұғымын тек қана халықтың ауызша шығармашылығымен шектеуді орынсыз деп санайды [15]. Олардың пікірінше, этнопедагогика пәні тек педагогикалық көзқарастарды ғана емес, ой-пікірлерді, іскерлік пен дағдыны, тәрбие мен оқыту құралдарын, сондай-ақ отбасы мен еңбек дәстүрін де қамтуы қажет. С.А. Ұзақбаева, Ш.М. Мухтарова, Қ.Ж. Қожахметова, С. Қалиев, т.б. этнопедагогиканы ұлттық мәдениеттің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде зерттейді [16, 17]. Авторлар этнопедагогиканың мәнін ұлттық салт-дәстүр призмасы арқылы ашады. Сондай-ақ, А.Е. Измайлов зерттеуінде қазақ отбасы тәрбиесінің мәселелері мен халықтың педагогикалық көзқарастарын ашып көрсетті. Ғалым тәжірибе арқылы жинақталған, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан эмпирикалық білім, білік, дағды халықтың тарихи-әлеуметтік тәжірибесінің айтарлықтай жемісі деп есептейді.

Педагогика ғылымының пайда болуына және дамуына негіз болған этнопедагогика ғылымының пәні – халық педагогикасы. Этнопедагогика халықтың педагогикалық білімдері мен тәлім-тәрбиелік тәжірибесінің жиынтығы деп анықтап, Қазақстанның көптеген ғалымдары халық педагогикасының әртүрлі салаларын зерттеп жүр. С.Қ. Қалиев, Қ.Ж. Қожахметова, С.А. Ұзақбаева, С. Қалиев және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қазақ халық этнопедагогикасының мәселелері әртүрлі аспектілерде қарастырылған. А.Х. Мұхамбаева қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарының білім алушылар мен жастар тәрбиесіне тигізер әсерін зерттесе, I.Оршыбеков халықтың ауызша поэтикалық шығармашылығындағы адамгершілік тәрбиесі идеялары негізінде зерттеу жүргізген. С.Ұзақбаева мен М.Х. Балтабаев халық педагогикасындағы музыкалық-эстетикалық тәрбие мәселелеріне тоқталса, Е.Сағындықов қазақ мектептерінің оқу-тәрбие процесінде ұлттық ойын элементтерін қолдану мәселесін қарастырды. Г.Н. Волков халық педагогикасын орта білім беру мекемелерінің тәжірибесінде қолдану мәселелерін зерттесе [18], ғалым В.С. Кукушин мектептердің оқу-тәрбие процесінде халық педагогикасын пайдалану мәселелерін зерттеген [19].

Б. Әубәкірқызы, халықтық педагогикамен қатар «этнопсихология» ұғымының дербес пән ретінде қарастырып, оның объектісі адамдардың психикалық қызметі, олардың өмір салты туралы халықтың күнделікті білімдерінің жиынтығы ретінде атап өтті [20]. Ғалым, К. Ж. Қожахметова халық педагогикасын кейінгі ұрпаққа халық өнері түрінде

берілетін әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің қалыптасуына әкелетін табиғи тарихи процесс деп түсіндіреді [21]. Этнопедагогиканың әдіснамалық мәселелерін зерттей отырып, С. Қалиев этнопедагогикалық білімнің үш негізгі қызмет атқаратынын атап өтеді: оның бірінші қызметі – шындық пен дүниенің жалпы этникалық бейнесі туралы жетекші идеялардың негізі болу [22]. Осы себепті, білім алушылар мен жастарды халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі, ұлттық сана мен салт-дәстүрлері негізінде тәрбиелеуді қолға алмайынша, олардың бойында ұлтқа тән ерекше қасиеттер мен рухани құндылықтарды жоғары деңгейде дамыту мүмкін емес.


Қорыта айтқанда, этнопедагогика – ұлттық мүдделерге сипат беріп, ұлттық тарих пен мәдениетті дәріптейтін, өзіндік мәні мен міндеттері бар педагогика ғылымының маңызды саласы. Елдің дамуында ерекше орынға ие бұл бағыттың басты міндеттерінің бірі – жастарға ұлттық рухта тәлім-тәрбие беру арқылы елдік мүдделерді жүзеге асыру және олардың бойына рухани құндылықтарды сіңіру. Осы бағытта зерттеуде этнопедагогиканың даму тарихы, оқытылу деңгейі, қазіргі кезеңдегі бағыттары мен проблемалары айқындалып, Қазақстанның жоғары оқу орындарында пәннің оқытылу деңгейіне қатысты талдау нәтижелері ұсынылды.

Талқылау

Еліміздегі этнопедагогика ғылымының бастапқы тұжырымдарының дамуы мен зерттелуі 20 ғасырдың алғашқы кезінде көрініс берді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақ этнопедагогикасының қайнар көздерінен алынған негізгі теориялық тұжырымдар қазақ әдебиетінің дамуы мен 20 ғасырдың бірінші жартысындағы педагогикалық еңбектердің пайда болуымен расталады. Бұл кезде Ресей империясының саяси-әлеуметтік жағдайы күрделене түскен уақыт болатын. Азаттық сүйген қазақ халқының интеллигенциясы қуғын-сүргінге, отарлық қысымға, езгіге ұшырағанымен, қазақ зиялыларының өкілдері халықтың азаттығы үшін қиын күреске түсіп, өздерінің саяси кемелдігін көрсете білді. Жастарға білім ауадай қажет болды, бірақ қарапайым қазақтардың балалары оқу орындарына баруға мүмкіндік болмады. Қазақ зиялылары – Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, С.Сейфуллин, Ш.Құдайбердиев, т.б ағартушылар «Дала уәлаяты» (1889-1902), «Түркістан уәлаяты» және басқада басылымдарда қазақ халқының мәдениетіндегі, тарихы мен этнографиясындағы маңызды оқиғалар жүйелі түрде жарық көрді.

Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Ш.Құдайбердиев және басқа да ұлт зиялыларының ұлттық идеяларын тарихи оқиғалар призмасы арқылы талдай отырып, ұлттық болмысымызды, ана тілімізді, бай тарихымызды және ұлттық дәстүрлерімізді сақтап қалу қажеттілігі еріксіз ойға оралады. Практикалық зерттеудің мақсаты – өскелең ұрпақ, оның ішінде Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының білім алушылары, өздерінің бай тарихын білуге және қастерлеуге, қазақтың көрнекті өкілдерінің баға жетпес үлесін сезінуге, ұлттық интеллигенцияны сақтауды және оны жаңа бағытта дамытудың негізгі факторларын айқындау.

Өскелең ұрпақтың этникалық дүниетанымын қалыптастырудағы маңыздылығы оны ұлттық тәрбиенің этникалық мазмұнына енгізу қажеттілігімен айқындалады. Ұлттық білім берудің екінші функциясы – тұлға өз іс-әрекетінің бағытын анықтаған кезде, өзін қоршаған шынайы объектілерге деген көзқарасын қалыптастыруда жетекші фактор ретінде қызмет атқару болып табылады. Осы функцияға сәйкес білім алушы этникалық тәрбие құралдарының жүйесін анықтайды. Олар: тәрбиелік дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, этноәлеуметтік рөлдердің негізін құрайтын ережелер және т.б. [22]. Этнопедагогиканың үшінші функциясы – туыстық қатынастардың күрделі жүйесін, этноәлеуметтік рөлдердің мәнін және этникалық топ субъектілері арасындағы қарым-қатынастарды реттеудегі маңызын ұғыну, сондай-ақ ата-тегін түсіну. Бұл тұлғаның өз ортасында, отбасында және әлеуметтік ортада өз орнын табуында айрықша рөл атқарады.



Сурет 1 – Халықтық педагогиканың негізгі функциялары

Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері халықтық педагогиканың аталған негізгі функцияларының іске асуында бірқатар қиыншылықтардың бар екенін көрсетеді. Соңғы уақытта өскелең ұрпақтың өз халқының ана тіліне, салт-дәстүрлеріне, тарихына және мәдениетіне деген қызығушылығының төмендеуі жиі сөз болуда [23,24]. Қазіргі қоғамда жастардың дәстүрлі өмір салтынан алшақтап, моральдық-этикалық ұғымдардың жоғалу үрдісі де байқалады. Бұл еліміздің оқу орындарындағы тәрбие саласында, отбасы тәрбиесіндегі әлсіздіктің әсерінен болып жатқан айрықша дағдарыстар. Ғасырлар бойы қалыптасқан халықтың құнды рухани құндылықтары әлсіреп, ұлт санасының деформациясына әкеледі. Халық ағарту дәстүрлері мен этнопедагогика тәжірибесі ескерілмейінше, жас ұрпақ тәрбиесін ұтымды ұйымдастыру мүмкін емес.

Қазіргі кезеңде Қазақстанда білім берудің негізгі міндеттеріне сәйкес білім беруді этнопедагогизациялау және этнопедагогика саласындағы зерттеулерді кеңейту тенденциясы сақталуда. Біз Ш.М.Мұхтарова, А.С.Мағауова, Ш.И.Джанзақовалардың дәстүрлі педагогикалық мәдениет, этникалық педагогикаға, т.б. бағыттарына талдау жасай отырып, этнопедагогикалық дайындықсыз өз халқының, өз елінің нағыз ұстазы бола алмайды деген тұжырымға тоқталдық [25]. Болашақ педагог оқушылармен, әріптестерімен және ата-аналармен жұмыс жасайтын маман ретінде

дәстүрлі педагогикалық мәдениет пен этнопедагогиканың негіздерін терең меңгеріп, кәсіби өзін-өзі дамытуға деген жоғары ұмтылысы болуы қажет. Болашақ мұғалімдерді этнопедагогикалық даярлау саласындағы теориялық зерттеулерді жандандыру қажеттілігі қоғамымда болып жатқан заманауи процестерді талап етеді. Педагог маманның құзыреттілік үлгісі келесі субкомпоненттерді қамтуы керек. Құзыреттілік дегеніміз – кәсіби маманның бойындағы іскерлік қасиеттер мен дағдылардың жиынтығы [26]. Заманауи оқушыларға тәрбие беруде әр педагог тек педагогикалық тәжірибеге ғана емес, халық педагогикасының бай тәжірибесіне де сүйеніп, әрекет етуі қажет. Оқушылар өз халқына тән этникалық белгілерді, ділді, мінез-құлықты, ұлттық мәдениетті және басқа да ерекшеліктерді бойына сіңіруі үшін педагог маман тарапынан кешенді бағдарлама әзірленуі тиіс.



Сурет 2 – Педагог маман құзыреттілігінің субкомпоненттері

Берілген суретте көрсетілгендей (Сурет 2), болашақ педагогтен халықтың ұлттық, тарихи, мәдени дәстүрлері мен әдет-ғұрпын терең білу талап етіледі. Болашақ мұғалімдер өз халқының шығу тарихын, дүниетанымын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін, ұстанған діни көзқарастар тарихын, халықтық тәрбие дәстүрін және этикалық-адамгершілік нормаларын жетік меңгермейінше, шәкірттерінің бойына басқа ұлттық салт-дәстүрлерді сіңіре алмайды.

Осы бағытта, қазіргі этнопедагогиканың мақсаты – жастарды рухани құндылықтарға: халықтың өткен тарихына, салт-дәстүрлеріне деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін ояту процесіне оң әсерін тигізетін жаңа бағдарламаларды ұсыну. Екінші жетекші фактор – Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында еңбек нарығында өз кәсібін және этнопедагогика негіздерін жетік меңгерген құзыретті мамандарды

кәсіби этнопедагогикалық тұрғыда қалыптастыру. Болашақ педагогтер бұл талаптарды этнопедагогика пәнінің дәстүрлі және инновациялық құндылықтарының трансформациясы негізінде жүзеге асыруы тиіс.

Зерттеу нәтижелері

Заманауи білім беру технологияларын пайдалана отырып, болашақ педагог мамандардың этнопедагогика пәні бойынша білім алуын дәстүрлі біліммен байланыстырудағы негізгі қағидағтар: сабақтан тыс өздігінен білім алу, ұлттық дәстүрге деген қызығушылық, шығармашылық, және бағдарламалық білім нәтижелері ретінде анықталды. Тәжірибе Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2023-2024 оқу жылында 1 семестр бойы жүргізілді. Тәжірибе дәстүрлі 3 кезеңде (диагностикалық, қалыптастырушы және қорытындылау) кезеңдерінде орындалып «Этнопедагогиканың тарихы мен жаңа бағыттары» пәні бойынша эксперимент жұмысы өткізілді. Эксперименттік топ «Бастауыш сынып мұғалімі» мамандығы бойынша 3 курс студенттерінен екі топ таңдалды: Эксперименттік топ Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 3 курс студенттері (96 студент) және бақылау тобы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 3 курс студенттері (104 студент) таңдалып алынды. Эксперимент мақсаты – қазақтың этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бойынша біз құрастырған арнайы пәннің тиімділігін тексеру.

Эксперименттік жұмыстың диагностикалық кезеңінде оқыту үдерісін бақылау студенттердің кәсіби қажеттіліктері аясындағы танымдық мотивтері анықталды. Тәжірибелік жұмыстың қалыптастырушы кезеңі таңдау курсы арқылы және әдістемеміздің үлгісіне сәйкес кәсіби дайындықты қалыптастыру жұмыстары ұйымдастырылды (1-кесте).

Кесте 1

«Этнопедагогиканың тарихы мен жаңа бағыттары» арнайы курсының мазмұны

Лекция тақырыптары		Семинар тапсырмалары
1- модуль: Кәсіби өзін-өзі тану және мұғалімнің дамуы		
1	Этнопедагогика тарихы	Оқыту бағдарламаларына талдау жасау. Ұлттық құндылықтар бойынша пікірталас жүргізу.
2	Қазақ халқының ұлттық құндылықтары	
3	Ұлттық тіл, дін, мәдениет мәселелері	
2-модуль: Халықтық педагогиканың теориясы мен әдістемесі		
4	Халықтық педагогиканың негізгі дәстүрлі бағыттары	Сабақ жоспарларын құрастыру. Сабақтан тыс жұмыс жоспарын дайындау. «Жұмыс дәптері» және «Бақылау күнделігі» жұмысының әдістемесін жасақтау.
5	Халықтық педагогиканың жаңаша бағыттары	

3- модуль: Этнопедагогика пәні бойынша оқыту тәсілдері мен материалдары		
6	Оқу материалдарын таңдау және талдау.	Дәстүрлі дәрістер мен инновациялық әдістерді қолдану. Цифрлық технологияларды пайдалану. АКТ, танымдық технологияларды зерделеу.
7	Қазақстанның мектептеріндегі жаңа тәсілдерді айқындау.	
8	Жаңа технологиялар мен әдістер	
4-модуль: Халықтық білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері		
9	Қазақстандағы ұлттық тәрбие мәселелері	Кәсіби тәжірибе алмасу; Қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрін оқыту: ағартушы ғалымдар «Бақытты отбасы» үлгісі
10	Отбасы құндылықтарын оқыту	
11	Патриоттық тәрбие: кешегісі мен бүгінгісі	
12	Жаһандану кезіндегі ұлттық білім беру процесі	
5- модуль: Этнопедагогикалық білім берудің этномәдени аспектісі		
13	Дүниетану пәнін оқыту әдістемесінің жалпы ғылыми әдістері мен принциптері негізі.	Қазақ мәдениеті мен өзге елдер мәдениетін салыстыру. Этнопедагогикалық оқыту әдістемесінің міндеттерін айқындау. «Этнопедагогика пәнін оқыту әдістемесі» пәні бойынша типтік бағдарлама құрастыру.
14	«Этнопедагогика пәнін оқыту әдістемесі» тақырыбындағы сыныптан тыс жұмыстар топтамасы.	
15	Этнопедагогика пәнінің бағдарламасы.	

Дереккөз: авторлар

Сабақ барысында эксперименттік топтың студенттері арнайы пән аясында дәрістер тыңдап, семинар кезінде дискуссиялар мен кейс тапсырмаларына қатысып, кәсіби сұрақтарға белсенді түрде жауап берді. Эксперименттік топтың қатысушылары этномәдени мәтіндер мен ресурстарды пайдалана отырып, интеграцияланған технологияларды кеңінен қолданды. Қалыптастырушы кезеңде арнайы дайындалған оқыту бағдарламалары білім алушыларды оқыту мақсаттарымен таныстыру, оқу процесінде назар аударуға тиісті мәселелер мен сұрақтарды анықтау, сондай-ақ этнопедагогика пәнінің практикалық құндылығы мен маңыздылығына назар аудару үшін материалдар мен мәдени ақпараттармен жан-жақты қамтамасыз етілді.

Бірінші және екінші кезеңде келесі міндеттер қойылды:

- болашақ мұғалімдерді даярлаудың арнайы бағдарламасын талдау;
- тәжірибелік оқыту үшін материалды таңдауды жүргізу;
- тақырып бойынша практикалық курсты ұйымдастыру;
- жоспарлар мен нұсқауларды әзірлеу.

Жоғары кәсіптік білім беру стандартына және оқу жұмыс жоспарына сәйкес студенттермен келесі тәрбие жұмыстары жүргізілді:

- оқу үдерістерін жүйелі түрде ұйымдастыру (дәріс, семинар және практикалық сабақтар);
- білім алушылардың өзіндік жұмысын және оқытушының жетекшілігімен орындалатын білім алушының өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру;


- жеке, топтық және ұжымдық оқытуды ұйымдастырудың жаңа формаларын қолдану;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындауға арналған АКТ көздерінен әдебиеттермен жұмыс жүргізу.
- этнопедагогикалық білім берудің мазмұндық аспектісінде білімді қалыптастыратын оқу материалдарын анықтау және талдау;
- студенттерді оқытуда цифрлық педагогикалық технологияларды енгізуді модельдеу және т.б.

Білім беру циклдарының мақсаттарына сәйкес оқу іс-әрекетіне қол жеткізу білім беру технологиясы түсінігінің мәнін толық ашады және этнопедагогиканы тиімді оқытудағы мәселелерді шешуге бағытталған.

Біз кәсіби және академиялық тәжірибе алмасу аясында Mohammad Alawamleh, Lana Mohannad Al-Twait, Gharam Raafat Al-Saht (2020) ұсынған коммуникативті жағдайлардың жетіспеушілігін өтеуге көмектескен цифрлық ресурстарды кеңінен пайдалану идеясына тоқталдық.


Экспериментіміздің қорытынды кезеңінде біз эксперименттік топ білім алушыларының білімі пән бойынша құрастырылған алдын ала тест және кейінгі тест арқылы тексерілді. Болашақ мұғалімдерінің кәсіби даярлығын 4 критерий бойынша бағаланды: студенттердің мотивтері, шығармашылық деңгейі, танымдық құзыреттіліктің даму деңгейі, сабақ тақырыптарын талқылаудағы этномәдени білімнің дамуы. Студенттердің белсенділігін бақылау және бағалау семестрдегі өзіндік тапсырмалар мен семинарға қатысу арқылы да бағаланды.

Төменде эксперименттік және бақылау топтарындағы алдын ала тестілеу нәтижелері берілген (Сурет 3). Қорытынды есеп бойынша, эксперименттік топтың орташа нәтижесі 78%-ды, ал бақылау тобының нәтижесі 77%-ды құрады. Диагностикалық кезеңнің басында біздің критерийлеріміз бойынша көрсеткіштер ұқсас деңгейде болды (Сурет 2). Алдын ала тестілеу көрсеткіштерінде диагностикалық кезеңде айтарлықтай үлкен айырмашылықтар байқалған жоқ.



3-сурет –Экспериментке дейінгі көрсеткіштер

Арнайы құрастырылған курс (Кесте 1) негізінде эксперименттік топ студенттерімен элективті курс өткізілді. Жалпы пән мазмұны бойынша интеграцияланған технологияларды қолдану арқылы өткізілген сабақтардың нәтижелері 4-суретте көрсетілген. Оқыту бағдарламасының қорытынды кезеңіндегі нәтижелер бақылау тобына қарағанда жоғары тиімділігін көрсетті.



4-сурет – Эксперименттен кейінгі бағалау нәтижелері

Нәтижелер студенттердің кәсіби даярлығын арттыруда құрылған арнайы курс бағдарламасының тиімділігін дәлелдейді. Ұсынылған тәжірибелік жұмыстардың нәтижелері бойынша эксперименттік топта белгіленген критерийлер бойынша орта есеппен - 92%-ға жоғарылағаны, ал бақылау тобында 80% шамасында өзгергені анықталды. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында авторлар белгілеген әдістеменің тиімділігі расталды.

Жоғарыда айтылған деректерге сүйене отырып, оқыту процесін ұйымдастырудың әдістемелік қорытындысы ретінде этнопедагогика пәні бойынша оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың объективті заңдылығы тұрғысынан интегративті оқыту технологиясын құрудың маңызы зор екенін атап өтуге болады. Бұл технология білім беру тиімділігін арттыруға және ұлттық құндылықтарды тереңірек меңгеруге мүмкіндік береді. Халықтық педагогиканы оқытуда дәстүрлі және инновациялық оқыту үдерісінің тиімділігі бірқатар позицияларға оң ықпал етеді:

- 1) оқытудың әрбір тақырыбы ұлттық тәрбиеге байланысты болуы керек;
- 2) білімді меңгеру процесінде білімді меңгеру оқыту кезеңдері мен олардың реттілігін қатаң сақтау қажет;
- 3) оқу үрдісіндегі жүйенің тиімділігі барлық жағдайда оның жаңа бағытта технологиялар мен дәстүрлі ұстанымдарды бірлестікте пайдалануды қажет етеді.

Қорытындылай келе, зерттеу жұмысының нәтижелері жоғары оқу орындарында «Этнопедагогика» пәнінің жаңа бағыттарын оқытуда қосымша оқыту материалдарын жүйелеуге және оқыту бағдарламаларын құрастыру барысында жоғары мүмкіндік береді.

Қорытынды

Ұлттық идеялар мен этнопедагогикалық білім беру жұмыстарын ұйымдастыру болашақ мұғалімдерді даярлау ісінде оқу процесіне инновациялық және дәстүрлі құндылықтарды интеграциялауға жол ашады. Педагог-мұғалімдердің кәсіби даярлығын дамыту мақсатында жүргізілген зерттеулер барысында арнайы курс үлгісі әзірленіп, эксперименттік тексеруден өтті. Болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын қалыптастыру халықтың ұлттық ерекшеліктері мен этнопедагогикалық дәстүрлеріне бағытталды.

1. Кәсіби даярлық дағдыларын қалыптастыру болашақ педагогтардың танымдық біліміне, пәнге деген қызығушылығына, шығармашылығына және ұлттық идеяларды дамытуға деген білімдерін тереңдетуге бағытталуы қажет.

2. Болашақ педагог мамандарды даярлаудың негізгі мазмұны бойынша арнайы бағдарламаларды құрастыру және оқу процесін дәстүрлі және инновациялық форматта жүзеге асыру үлкен маңызға ие.

3. Заманауи технологияларды интеграциялау дәстүрлі әдістермен қатар этномәдени материалдарды қолдану барысында цифрлық технологиялар мен ақпараттық-коммуникативтік технологияларды кеңінен пайдалану мүмкіндігін беруі тиіс.

Зерттеу жұмысын жүргізу кезінде оқыту алғышарттары мен оқыту материалдарын мазмұндық аспектіде жүйелі ұйымдастыру елімізде болашақ педагог кадрларды этнопедагогикалық білім беру үрдісін дамытуда жаңаша бағытта қарастыру кешенді әдістер мен технологияларды кеңінен пайдалануды қажет ететін сала болып қала береді.

Авторлардың қосқан үлесі

Серікхан Әлханұлы Жүзеев – Аннотация жазу, мақаланың кіріспесі мен негізгі тұжырымдамасын әзірлеу, зерттеу материалдарын жинақтау және жүйелеу, әдебиет көздеріне шолу жасау, әдістемелерді талқылау және нәтижелерді өңдеуге үлес қосты.

Алтынбек Қошқарбайұлы Мошқалов – теориялық шолуға қажетті материалдар жинақтау, тақырыпқа сәйкес әдістемелер бойынша сауалнамалар жүргізу, нәтижелерді талқылауға қатысты.

Манат Кеңесқызы Жайлауова – қорытынды бөлімді жазу, мақаланың соңғы нұсқасын әзірлеу мен баспаға дайындау жұмыстарын орындады.

Әдебиеттер тізімі

1. Этапы развития казахской народной педагогики // Этнопедагогика. – Модуль- Электронный ресурс: <https://cyberleninka.ru/article/n/etnopedagogicheskie-idei-kazahskoy-intelligentsii/viewer>

2. Казиев С.Ш. Советская национальная политика и проблемы доверия в межэтнических отношениях в Казахстане (1917-1991годы): дисс. на соиск. степ. д-ра историч. наук. – Москва: Электронный ресурс: <https://elibrary.ru/item.asp?id=30433869>
3. Абен Е.М., Ахметжанова Г.К., Бельгибаев С.Т. Антология социально-политической мысли Казахстана с древнейших времён до наших дней (в двух томах). – Алматы: Институт развития Казахстана, – 2002. –302 с.
4. Педагогические взгляды М.Жумабаева, А.Байтурсынова, Ж.Аймауытова. Электронный ресурс: <https://infourok.ru/pedagogicheskie-vzglyadi-zhumabaeva-baytrsinova-zhaymauitova-3030830.html>
5. Захаров С.В., Муканова А.С. Формирование казахской интеллигенции. – С. Электронный ресурс: https://docviewer.yandex.kz/view/834330982/?page=1&*=gHQL/
6. Назарова О.В., Литвиненко В.В. Казахская литература: учебник-хрестоматия. Часть 1. – Астана, 2007. – С. 302-303.
7. Сулейменов А.К. Роль этнопедагогического наследия в воспитании защитников Отечества // Инновации в образовании. – Москва, 2021. – № 1. С. 63. <https://cyberleninka.ru/article/n/etnopedagogicheskie-idei-kazahskoy-intelligentsii>
8. Философские и социально-политические воззрения Шокана Валиханова, Абая Кунанбаева и Шакарима Кудайбердиева // Электронный ресурс: <https://studfile.net/preview/5006249/page:36/>
9. Баймурзина В.И. Общая этнопедагогика: методология, теория, практика: монография. – СПб.: Изд-во Социально-гуманитарное знание, 2016. – 440 с. <https://confsgz.ru/>
10. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998. – 317 с.
11. Жүзеев С., Жайлауова М. (2024). Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда қазақтың этнопсихологиялық ерекшеліктері мен этнопедагогикалық дәстүрлерін қолдану. ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық серия, 78(1), 17–26. <https://doi.org/10.26577/JES2024780102>
12. Төлеубекова Р.К., Хаурулин Г.Т., Бейсенбаева А.А и др. Концепция этнопедагогика народов Казахстана // Білім әлемінде– 2012. – № 2. – С. 11–13.
13. Магауова А.С. Этнопедагогика в системе профессиональной подготовки специалистов. – Алматы: Қазақ университеті, 2020 – 145 с.
14. Ұзақбаева С. Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тәжірибесі. Жаңа басылым. - Алматы: Өнер, 1998. - 44 с. - ISBN 5-89840-427-9
15. Valiahmetova, A. N. & Salpykova, I. M. 2015. The role of ethnopedagogics in the development of empathic culture in students. Review of European Studies, 7(6), 289. <https://doi.org/10.5539/res.v7n6p289>
16. Мухтарова Ш.М. Парадигмы культурного плюрализма в образовании: монография. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2019 — 310 с. ISBN 978-9965-39-761-5
17. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы - Алматы: Рауан, 1998. - 128 с. - ISBN 5-625-03464-8
18. Волков Г. Н. Этнопедагогика: учебное пособие для сред. и высш. пед. учеб. заведений. - М.: Академия, 2000. - 176 с. - ISBN 5769503645: 371 p.
19. Кукушин В. С. Этнопедагогика и этнопсихология: учебное пособие для вузов / В. С. Кукушин, Л. Д. Столяренко. - Новое изд. – Ростов-н-Д.: Феникс, 2000. - 448 с. - ISBN 5-222-01430-4: 556 p.

20. Әубәкірқызы Б. Этнопсихология //оқу құралы - Қарағанды: ҚарМУ, 2004 - 93 с. - ISBN 9965-715-81-5 : 421.05 р.

21. Методология общей и этнической педагогики в логико-структурных схемах: учебно-метод. пособие для пед. вузов / К. Ж. Кожаметова, Ш. Т. Таубаева, Ш. И. Джанзакова –Алматы, 2005. - 174 с. - ISBN 9965-27-649-8

22. Калиев С. Этнопедагогика // оқулық (С. Калиев, Ж. Молдабеков, Б. Иманбекова) - Астана : Фолиант, 2007. - 400 б. с. - ISBN 996535095

23. Ооржак С.Я. Этнопедагогика и этнопедагогические исследования (осмысление теоретико-методологических подходов): монография. – Чебоксары: ИД «Среда», 2020. – 104 с.

24. Mohammad Alawamleh, Lana Mohannad Al-Twait and Gharam Raafat Al-Saht The effect of online learning on communication between instructors and students during Covid-19 pandemic // Asian education and development studies - 2020 <https://www.emerald.com/insight/2046-3162.htm>

25. Toleubekova R.L et al. The Role of Ethnopedagogy in Shaping Positive Attitudes towards Traditional Values of Kazakh People among Future Teachers in Kazakhstan- Koers - Bulletin for Christian Scholarship- 2022 -87(1):1-12-<https://doi.org/10.19108/KOERS.87.1.2430>

26. Labeş, S. A. Globalization and Cultural Identity Dilemmas. CES Working Papers – 2014. Volume VI, Issue 1. <https://www.econstor.eu/bitstream/10419/198291/1/ceswp-v06-i1-p087-096.pdf>

27. Махсуджонова А.К. Роль этнопедагогика в развитии современной системы воспитания. - Москва, 2014. 7 (34). С.27-29.

С.А. Жүзеев*¹, А.Қ. Мошқалов², М.К. Жайлауова¹

¹Университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

Трансформация традиционных и инновационных ценностей казахстанских студентов: этнопедагогический анализ

Аннотация. В настоящее время в нашем обществе в результате изменения духовно-нравственных ценностей формируются новые «ценности», чуждые предыдущему поколению. Это обстоятельство требует рассмотрения этнопедагогического образования молодежи и студентов вузов под новым углом зрения. Однако в результате упускаются из виду такие духовные и традиционные нравственные ценности, как патриотизм, уважение к родному языку и национальной культуре, истории и традициям, проявление уважения к старшим. Актуальность темы исследования определяется систематическим рассмотрением теоретических и практических вопросов проведения этнопедагогического воспитания и идеологической работы обучающихся в вузах страны в процессе обучения.

В данном направлении цель исследования – определить основные функции и направления развития национального воспитания на основе анализа тенденций развития этнопедагогической науки в Казахстане. Особое внимание в исследовании уделялось этнопедагогическим взглядам интеллигенции нации начала XXI века. Через жизнь, творчество и просветительскую деятельность великих деятелей казахского народа были рассмотрены традиционные ценности. Исследование имеет большое практическое значение. Результаты анализа трансформации

традиционных и инновационных ценностей обучающихся способствуют развитию учебных программ национальной этнопедагогике в новом направлении.

Ключевые слова: обучение, воспитание, народное мировоззрение, казахские личности, этнопедагогика, национальное наследие, традиционные ценности.

S.A. Zhuzeyev^{*1}, A.K. Moshkalov², M.K. Zhailauova¹

¹*Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan*

²*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

Transformation of traditional and innovative values of kazakhstani students: an ethnopedagogical analysis

Abstract. At present, in our society, as a result of changes in spiritual and moral values, new "values" are emerging that are alien to the previous generation. This circumstance requires considering ethnopedagogical education of youth and university students from a new angle. However, this shift often overlooks traditional spiritual and moral values such as patriotism, respect for the native language, national culture, history, and traditions, as well as showing deference to elders. The relevance of the research topic is determined by the systematic consideration of theoretical and practical issues of ethnopedagogical education and ideological work of students in higher education institutions of the country in the process of education.

In this direction, the aim of the study is to determine the main functions and directions of the development of national education on the basis of analysing the trends in the development of ethnopedagogical science in Kazakhstan. Special attention in the study was paid to the ethnopedagogical views of the nation's intellectuals of the early XXI century. Traditional values were considered through the life, creativity and educational activities of great figures of the Kazakh people. The research is of great practical importance. The results of the analysis of transformation of traditional and innovative values of students contribute to the development of national ethnopedagogy curricula in a new direction.

Key words: training, education, folk worldview, Kazakh personalities, ethnopedagogy, national heritage, traditional values.

References

1. Stages of development of kazakh folk pedagogy // Ethnopedagogy. – Module – Electronic resource: <https://cyberleninka.ru/article/n/etnopedagogicheskie-idei-kazahskoy-intelligentsii/viewer>

2. Kaziev, S.Sh. soviet national policy and issues of trust in interethnic relations in Kazakhstan (1917-1991) // Dissertation for the degree of doctor of historical sciences – Moscow: Electronic resource: <https://elibrary.ru/item.asp?id=30433869>

3. Aben, E.M., Akhmetzhanova, G.K., Belgibayev, S.T. Anthology of socio-political thought of Kazakhstan from ancient times to the present (in two volumes) – Almaty: Institute for the Development of Kazakhstan, 2002. – p. 302

4. Pedagogical views of M. Zhumabayev, A. Baitursynov, Zh. Aymaulytov // Electronic resource: <https://infourok.ru/pedagogicheskie-vzglyadi-zhumabaeva-baytrsinova-zhaymauitova-3030830.html>

5. Zakharov, S.V., Mukanova, A.S. Formation of the Kazakh Intelligentsia // Electronic resource: https://docviewer.yandex.kz/view/834330982/?page=1&*=gHQL/

6. Nazarova, O.V., Litvinenko, V.V. *Kazakh Literature // Textbook-Anthology – Part 1 – Astana, 2007.* – pp. 302-303.
7. Suleymenov, A.K. The role of ethnopedagogical heritage in educating defenders of the motherland // *Innovations in Education – Moscow, 2021 – №. 1.* p. 63. <https://cyberleninka.ru/article/n/ethnopedagogicheskie-idei-kazahskoy-intelligentsii>
8. Philosophical and socio-political views of Shokan Valikhanov, Abay Kunabayev, and Shakarim Kudaiberdiev // *Electronic resource: https://studfile.net/preview/5006249/page:36/*
9. Baymurzina, V.I. *General ethnopedagogy: methodology, theory, practice: monograph – St. Petersburg: Social-humanitarian knowledge publishing, 2016.* – 440 p. <https://confsgz.ru/>
10. Kozhakhmetova, K.Zh. *Kazakh ethnopedagogy: methodology, theory, practice. – Almaty: Gylym, 1998.* – 317 p.
11. Zhuzeyev, S., & Zhailauova, M. (2024). Application of Kazakh ethnopsychological features and ethnopedagogical traditions in the professional training of future primary school teachers. *KazNU Bulletin. Pedagogical Series, 78(1), 17-26.* <https://doi.org/10.26577/JES2024780102>
12. Toleubekova, R.K., Khaurulin, G.T., Beysenbayeva, A.A., et al. Concept of ethnopedagogy of the peoples of Kazakhstan // *Bilim Alemінде – 2012.* – No. 2. – pp. 11-13.
13. Magauova, A.S. *Ethnopedagogy in the system of professional training of specialists – Almaty: Kazakh University, 2020 – 145 p.*
14. Uzakhbaeva, S. *Concept of ethnopedagogical education for university students – New Edition. – Almaty: Oner, 1998.* – 44 p. – ISBN 5-89840-427-9
15. Valiahmetova, A.N., & Salpykova, I.M. (2015). The role of ethnopedagogics in the development of empathic culture in students. *review of european studies, 7(6), 289.* <https://doi.org/10.5539/res.v7n6p289>
16. Mukhtarova, Sh.M. *Paradigms of cultural pluralism in education: monograph – Karaganda: KarSU Publishing, 2019 – 310 p.* ISBN 978-9965-39-761-5
17. Kaliev, S. *Theoretical foundations and history of kazakh ethnopedagogy – Almaty: Rauan, 1998.* – 128 p. – ISBN 5-625-03464-8
18. Volkov, G.N. *Ethnopedagogy // Textbook for secondary and higher educational institutions – Moscow: Akademiya, 2000 – 176 p.* – ISBN 5769503645
19. Kukushin, V.S., & Stolyarenko, L.D. *Ethnopedagogy and Ethnopsychology // Textbook for Universities – New Edition – Rostov-on-Don: Feniks, 2000.* – 448 p. – ISBN 5-222-01430-4
20. Aubakirkyzy, B. *Ethnopsychology // Study guide – Karaganda: KarMU, 2004 – 93 p.* – ISBN 9965-715-81-5
21. Kozhakhmetova, K.Zh., Taubayeva, Sh.T., & Dzhanzakova, Sh.I. *Methodology of general and ethnic pedagogy in logical-structural schemes // Educational-Methodical Guide for Pedagogical Universities – Almaty, 2005.* – 174 p. – ISBN 9965-27-649-8
22. Kaliev, S., Moldabekov, Zh., & Imanbekova, B. *Ethnopedagogy // Textbook – Astana: Foliant, 2007.* – 400 p. – ISBN 996535095
23. Oorzhak, S.Ya. *Ethnopedagogy and Ethnopedagogical research (Reflection on theoretical and methodological approaches): Monograph – Cheboksary: ID "Sreda," 2020.* – 104 p.
24. Alawamleh, M., Al-Twait, L.M., & Al-Saht, G.R. The effect of online learning on communication between instructors and students during the COVID-19 Pandemic // *Asian Education and Development Studies – 2020.* <https://www.emerald.com/insight/2046-3162.htm>

25. Toleubekova, R.L., et al. The role of ethnopedagogy in shaping positive attitudes towards traditional values of the kazakh people among future teachers in Kazakhstan // Koers - Bulletin for Christian Scholarship – 2022 – 87(1): 1-12. <https://doi.org/10.19108/KOERS.87.1.2430>

26. Labeş, S.A. Globalization and Cultural Identity Dilemmas // CES Working Papers – 2014, Volume VI, Issue 1. <https://www.econstor.eu/bitstream/10419/198291/1/ceswp-v06-i1-p087-096.pdf>

27. Makhsudzhanova, A.K. The role of ethnopedagogy in the development of the modern educational system – Moscow, 2014, 7(34), pp. 27-29.

Авторлар туралы мәлімет:

Серікхан Әлханұлы Жүзеев – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, Қызылорда, Қазақстан.

Алтынбек Қошқарбайұлы Мошқалов – хат-хабар үшін автор, PhD доктор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, Алматы, Қазақстан.

Манат Кеңесқызы Жайлауова – педагогика ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» білім беру бағдарламасының доценті, Қызылорда, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Серікхан Альханұлы Жүзеев – старший преподаватель образовательной программы «Казахский язык и литература, журналистика», Университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан.

Алтынбек Кошкарбайұлы Мошқалов – автор для корреспонденции, доктор PhD, и.о. ассоциированного профессора, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан.

Манат Кенесовна Жайлауова – кандидат педагогических наук, доцент образовательной программы "Педагогика, психология и методика начального обучения", Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан.

Information about authors:

Serikkhan Alkhanuly Zhuzeyev – Senior Lecturer of the educational program "Kazakh language and literature, journalism", Korkyt Ata University, Kyzylorda, Kazakhstan.

Altynbek Koshkarbayuly Moshkalov – Corresponding author, PhD, acting associate professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Manat Kenesovna Zhailauova – candidate of pedagogical sciences, Associate professor of the educational program «Pedagogy, psychology and methods of primary education», Korkyt ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.